Его коллега Р.Тумангалиев ознакомил с современными средствами индивидуальной защиты при пожарах, с помощью студентов продемонстрировал навыки обращения с огнетушителем, противогазом. Сотрудница областного филиала Центра медицинских катастроф С.И.Умартаева с использованием муляжа, средств и оборудования для оказания первой медицинской помощи при поддержке группы студентов провела самые настоящие практические занятия: как действовать при получении переломов конечностей, ожогов, при полной, или частичной потере пострадавшим сознания. Неоднократно преподавателям и студентам напоминалось, что телефоны с номерами «101» и «112» нужно запомнить, как таблицу умножения, и что оперативный звонок по этим телефонам поможет во многом спасти жизнь, жилище и добро. В конце занятий были отработаны действия при срабатывании сигнала «Пожар!» и вопросы эвакуации конкретно в нашем учебном корпусе. Равнодушных в эти 2-3 часа мы не



увидели, и это позволяет надеяться на то, что студенты, преподаватели и сотрудники служб вуза, ответственных за безопасность людей, всегда будут относиться к этим вопросам с должной серьезностью, будут проводить профилактические мероприятия на постоянной основе.

Н. КУАНГАЛИЕВ

Бүгінгі балабақшалардағы сараман жұмысы - студенттерге еркіндік пен тәжірибе алмасудың ең алғашқы баспалдағы. Сол себепті әрбір сараман – жаңашылдық пен тың идеяларға жол салатын алтын көпір. Мен №43 «Ақ ниет» бөбекжайында мемлекеттік сараманнан 3 ай бойы өзіме жаңаша әдістерді сараладым.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы сараман

Уақыт өз ұршығын тез иіріп әкетті. Әрбір бала - бір-бір шаңырақтың перішесі. Сол періштелермен өтетін күндерім мен үшін өте ерекше-тұғын. Ортаңғы «Күншуақ» тобында озық ойлы тәрбиеленушілермен бірге өзімді еркін сезіндім. Топ тәрбиешілері Байменова Райса Мағзоновна және Жангирова Роза Аманжоловна өздерінің білгендерін кең түрде үйретті. Әрбір баланың жеке қасиеті болады. Сол қасиеттермен дұрыс жұмыстану - тәрбиешінің ең бірінші міндеті. «Психологиясына қанықпайынша, білім мен тәрбиені қанша жерден дәріптесең де нәтиже бермейді», - дейді топ тәрбиешілері. Сараман барысында бала қабілетінің жоғары екені бірден аңғарылды. Топта 29 тәрбиеленуші бар. Олардың қатарында әр түрлі ескелең бөбектер өсіп, жетілуде. Қазіргі ұрпақтың қабілет-қарымы өте жоғары. Соған орай бала бойына білімнің негізін, ақылдың кенін, тәрбие тағылымын енгізу балабақша сатысында қалыптасуы шарт. Қазіргі уақытта жаһан тілі ағылшын тілі болғандықтан, балаларға

көп тіл білу еш артықтық етпейді. Керісінше, оң ықпалын тигізетінін ғалымдар дәлелдеп отыр. Ағылшын тілі бала бойындағы тіл мүкістігінің алдын алады, ал орыс тілі ашықтық пен еркін қарым-қатынасқа түсуге, ойын тез қорытындылауға себеп болады екен. Жапонияда балабақшаға келген балаға бірден 7 тілді меңгертуді үйретеді. Себебі, олар әлемдік деңгейде бірнеше тіл білетін ел ретінде өздерінің жоғары қабілеттерін тіл тұрғысында да ұстап келеді. Соның арқасында алпауыт елдермен келісімге отырып, екеуара ынтымақтастықты шешеді. Ал біз үшін өркениетке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу - асыл міндетіміз. Сабақ беру барысында тәрбиеленушілердің басқа тілдерді өте ерекше сезіммен қабылдайтынына куә болдым. Болашақтың кілтін ұстайтын елгезек жас ұрпақ бар, ендеше, болашақ ғұмырымыздың жарқын боларына сенемін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мақсатымыз айқын, жастарымыз білімді болғай...

Аида ХАСАНОВА,
06401-топ студенті

*Учитель,
перед именем твоим...*

Есть в нашей Республике одна маленькая, но очень дружная школа. В этой школе царят мир, справедливость, добро и, конечно, хорошие знания. В этой школе прошли лучшие годы моей жизни. В этой школе самые добрые, отзывчивые учителя, мастера своей профессии, и называется эта школа - Каменская.

Среди профессионалов-педагогов школы Киргенева Гульнара Рамазановна - учитель русского языка и литературы. Гульнара Рамазановна - одна из самых креативных и добрых учителей нашей школы. Поэтапно, настойчиво прошла все азы современной учительской деятельности. Благодаря ей я подтянула свои знания по русскому языку и набрала свои 24 балла из 25 на ЕНТ. Почти каждый день Гульнара Рамазановна оставалась с нами на дополнительные занятия, никогда не отказывала в помощи. Она очень переживала за нас, «встряхивала», когда нужно, вместе с нами радовалась нашим победам. А еще она очень талантлива. На выпускном каждому из моих одноклассников и мне посвятила стихотворения собственными сочинениями.

Сама Гульнара Рамазановна рассказала, что любовь к предмету у нее была всегда, кстати, в 1996 году она закончила наш университет (тогда УПИ имени А.С. Пушкина).

Как отмечает администрация школы, Гульнара Рамазановна - высококвалифицированный специалист. Уроки у нее всегда продуманы, глубоки. Это учитель умеющий найти подход к каждому ребенку. Широко используя новшества методики, учитывая индивидуальные особенности каждого ученика, Гульнара Рамазановна развивает в детях умение аргументированно излагать свои мысли. Это очень творческий человек, она создает вокруг себя атмосферу поиска.

Я считаю, что благодаря таким учителям, любовь к предмету будет всегда.

Н. САДЕДДИНОВА,
филфак

Құттықтау

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілері еліміздің өсіп-өркендеуіне зор үлестерін қосуда. Бұл іспетті орасан жігерді талап етер елдік ортақ іске қарапайым еңбек адамдары да, ғалым-педагогтер де өз үлестерін қосуда. Жұырда еліміздегі әскер қызметін талапқа сәйкес қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланымен өзара бірлескен іс-қимыл жасасқан жемісті серіктестігі үшін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, ғылым докторы, академик, мәдениет және өнер факультетінің деканы **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы «Қазақстан Республикасының құқық қорғау әскеріне 25 жыл» төсбелгісімен наградталды.**

Әріптесімізді қол жеткізген бірегей наградасымен құттықтап, отбасына аманшылық, деніне саушылық, шығармашылық ісінде елеулі табыстарға қол жеткізуіне тілектестік білдіреміз.

Мәдениет және өнер факультетінің профессор-оқытушылары мен студенттер ұжымы

Latyndaғы qazaq tili burushy

12 sáýir Qazaqstan úshin asa mańyzdy kún. Bul kúni toılanatyn eki mereke de halqymyzdyń ainasy deýge bolady. Gylym men ǵarysh birimen-biri baýyrlyas bolmystar. Olar árdaiym da adam balasynyń sheksiz zertteý nysany bolýmen qatar, adamdarǵa sheksiz jańa oilar túsiretin ortalyq bolyp tabylady.

Sonyń ishinde qylym bizdiń tirshilik etýimizdiń negizine ainaldy. Kreativti jáne syni turǵysynan oilaýdy qalyptastyryshy ol eldiń jetistikke jetip, halyqtnyń rýhani damýynyń kepili. Sondyqtan da, memleketimiz gylym men bilim salasyna jańa ózgerister engizip, aýqymdy qarajat bólip otyrady.

Latyn qarpine kóshýdiń de mańyzy men maqsaty sol - básekege qabiletti, aldyńy qatarly, halqyna qolailly jaǵdaıdy qalyptastyryshy, gylym men tehnika salasynyń ustasy bolar eldi qalyptastyry. Biraq, bul baǵytta áli talai jumys kerek jáne ol jumys bizdiń moınymyzda.

Galamnıy órkendeyi gylymnıy qolynda, al gylym adamnyń sanasynda. Eren erbek pen tereń bilimdi qos qanaty qylǵan adamzat álemdi zertteýge degen qyzyǵyshlyǵy men jańashyldyqqa degen qusharlyǵynyń arqasynda osyndai dárejege jetip otyr. Baǵyndyrylmaǵan biik belesterdiń baǵytynda sharshamai, shaldyqpai tek ilgeri bassaq qana olardy baǵyndyramyz.

Saia DÝISENBAI

Жаңа тыныс

Өнер кейде жеңіл, кейде ауыр, кейде таң - тамаша жақсы, кейде кісі төзгісіз азап, кейде қуанышты, кейде ақыретті болып көрінеді. Қазақ өнерінің қара шаңырағы Алматы қаласы Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында 26-28 наурыз аралығында Х Республикалық Пәндік олимпиада оздырылған болатын. Мәдениет және Өнер факультетінің Режиссура және Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1-3 курс студенттері университетіміздің намысын абыроймен алып шықты.

Республика көлемінде «Актер шеберлігі» және «Режиссура», «Сахна тілі» пәндері бойынша оздырылған шараға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (Джозев Киплинг «Маугли»), ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Иманбаева А.С. шәкірттері (Ф.М.Достоевский «Қылмыс пен жаза» драма), Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы атынан ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жаманқұлов Т.Қ шәкірттері (У.Шекспир «Сон в летнюю ночь» драма) және алдыңғы аға буын актерлердің ықпалына бөленіп, олардың тәрбиесін алған азамат Е.Білелдің шәкірттері (А.П.Чехов «Шағала») қойылымдарды сахналанды. Жалпы олимпиадада Шымкент, Тараз, Түркістан, Астана қалаларының студенттері және Б.Бейшеналиев атындағы Қырғыз мемлекеттік мәдениет және өнер университеті бой көрсетті.

«Актер шеберлігі» пәні бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Мұрагер» студенттік театры М.А.Булгаковтың «Морфий» әңгімесінің желісі бойынша «Тағдырмен бетпебет» элеуметтік драмасын сахналады. Қоюшы режиссер Мәдени – тынығу

жұмысы мамандығының 3-курс студенті Тұйяқ Мақсат, жетекшісі аға оқытушы, магистр Исакова Индира Идиятовна. Қойылым кейіпкерлері доктор Бомгорд - Өненов Заманбек, доктор Поляков - Сағындықов Иса, Анна Кириловна - Жолдығалиева Анар, жағымсыз кейіпкерлер - Мажит Бисенбек, Файнолла Биболат, Бимағамбетов Нұрболат, Аскарова Айкөркем рөлдерін сомдауда шеберліктерін таныта білді.

Х Республикалық пәндік олимпиадасының қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Ең үздік қойылым» номинациясына ие болып және «Сахна тілі» пәні бойынша режиссура мамандығының 1-курс студенті Файнолла Биболат Әбубәкір Қайранның «Қасқыр» туындысы қазылар алқасының оң бағасын алып, нәтижесінде жүлделі 2-орын алды, жетекшісі - Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, профессор Мамбетова Әсел Иманғалиқызы. Т.Жүргенов академиясының киелі сахнасы «Мұрагер» студенттік театрына жаңа тыныс сыйлады. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған театрларымен тәжірибе алмасып, шығармашылық байланыс орнатты. Студенттерімізге



«Мұрагер» студенттік театры дайындық алдында

шығармашылық табыс, шалқар шабыт тілейміз. Осы кезекте студенттерге қолдау көрсетіп, үміт артқан М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, п.ғ.д., академик А.С.Иманғалиевке өнер саласы бойынша мамандарды дайындауда біліктілікті арттыруда, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуда, кәсіби жан - жақтылығын қамтамасыз етуге жанашыр болғаны үшін Мәдениет және Өнер факультеті атынан алғыс білдіреміз. Шәкірттеріңіз үміттеріңізді ақтай берсін! Жетістікке жете берейік!

А.Б. ЖОЛДЫҒАЛИЕВА,
Режиссура мамандығының
1-курс студенті



Профессор Д.Тұранқұлова және Б.Файнолла, режиссура мамандығының 1-курс студенті

Құндылық

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің үлкен хор ұжымы өткен жылдың маусым айында Халықаралық EXPO-2017 мамандандырылған көрме аясында өткізілген Гиннес рекордтық кітабына енгізуге неміс композиторы Густав Малердің № 8 ми - бемоль мажор «Мың қатысушы симфониясы» атауына ие болған шығармасының премьерасына қатысып, қайталанбас толағай шығармашылық толқыныспен қанаттанып оралған-ды.

Шаңғажайыт шеберлік мектебі



Танымал композитордың пайымдауына, «Сегізінші симфония» - адамның шығармашылық рухы мен сұлулығына арналған ода. Г.Малердің «ең ұлы симфониясы» ретіндегі туындысы аса көлемді мөлшердегі орындаушылық құрамды қажет етеді: кеңейтілген симфониялық оркестр, орган, екі аралас хор, ер балалар хоры және солистер (үш сопрано, екі альт, тенор, баритон және бас). Симфония алғашқы рет 1910 жылы 12 қыркүйекте Мюнхенде шықпалып, ұлан асыр зор жетістікке жеткенді. Импрессионизм сәтті жұмысының арқасында Сегізінші симфония «Мың қатысушы симфониясы» атауына даусыз ие болған - ды.

Бұл шығарманы орындауда Қазақстан

мен Италияның хор әртістері мен симфониялық оркестрінен құралған 1200-ден астам музыканттар өнер көрсетті. Бұған «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры, «Карло Феличе» Генуя Италия театры, Бақытжан Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласы, сондай-ақ Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Астана, Ақтөбе облыстық филармониясы мен музыкалық театр, музыкалық оқу орындарының хорлары қатысты. Орайы келгенде айтар болсақ, бұл хор премьерасында университетіміздің мәдениет және өнер факультетінің «Музыкалық білім» мамандығы бойынша 20, ал «Вокалдык

өнер» мамандығы бойынша 5 студенті белсене қатысып, ұтымды өнер көрсете білді.

Премьера Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының, сондай-ақ Ирландия Радио мен Теледидар Ұлттық симфониялық оркестрінің бас дирижері Алан Бөрібаевтың басқаруымен сәтті қойылым бола алды. Дау жоқ, Халықаралық музыка әлемінде танымал, көптеген атақты шетелдік оркестрлермен жұмыс жасаған, олардың қатарында Токио, Дрезден, Хельсенки және Осло филармониялық оркестрлері, Лондонның Корольдік оркестрі, АҚШ, Жапония, Аустралия, Милан оркестрі, Ресей Үлкен театры, Тель-Авив операсының оркестрлерінде Алан

Бөрібаевтың шыңдалған кәсіби шеберлігі студенттердің айрықша назарын аудартады. Әр даярлық сағаттарынан жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында жазылған ғаламдық рухты классикалық шығарманы кәсіби хор әртістерімен иық тіресе орындау оларға ерекше құлшыныс берді.

Өлемдік деңгейде өнер көрсетіп жүрген театр хорлары және филармония кәсіби хорлары қатарында классикалық күрделі шығарманы орындау біздің университет студенттері үшін де кәсіби шеберліктерін шыңдауда үлкен мектеп болғанын баса айтар едік. Себебі, шығарманың формасы, музыкалық орындаушылық мазмұнының кеңдігі, стильдік ерекшеліктері, гармониялық айналымдары, сондай-ақ, симфонияның екі бөлімінің әдеби мәтіндері екі тілде (латын, неміс) орындалуы хор әншілерінің кәсіби мүмкіндіктерінің және вокалдык техникалық дағдыларының жан-жақты дамуына орасан ықпал етті. Студенттер күнделікті дайындық жұмыстарына қатыса отырып, керемет сазды әуеннің сан қилы құбылысын, сиқырлы үнін, музыкалық иірімдерін мәтіндерімен қисынды қабыстыра орындау шеберлігінің куәсі болды. Астанаға барар алдындағы үш апта бойғы демалыссыз, күнделікті алты сағаттан жүргізілген даярлықтың жемісті нәтижесін көріп, еліміздің музыка тарихында болған алғашқы қойылымға қатысып, кішкене болса да өз үлесімізді қосқанымызға бек қуанамыз. Осы ретте симфонияға даярлық барысында уақытпен санаспай тынымсыз мол көмек көрсеткен концертмейстер Наталья Васильевна Кузнецоваға, магистр-оқытушы Гүлмира Екпінқызы Өтегеноваға ризашылығымызды білдіреміз. Астана төріндегі «Астана Опера» опера және балет театрында тамаша музыкалық мерекеге қатысуымызға ұланғайыр мүмкіндік жасаған М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, академик Иманғалиев Асхат Сәлімұлына, өмірден ерте кетсе де кейінгі өнерлі жастарға әркез қолдау білдірген марқұм Мейрам Исатайұлына да шексіз алғысымызды білдіреміз.

Ләззат ӨМІРЗАҚОВА,
«Музыкалық білім және вокал»
кафедрасының аға оқытушысы

Мұражай майталманы

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім-барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да - бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Қазақ тіл білімінің атасы, реформатор, қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы ұстазды мектептің жаны деп бағалаған. Осыдан-ақ, ұстаз деген – ұлы есім екенін талассыз аңғаруға болады. Себебі, ұстазға деген құрмет бәрінен биік тұрады.

Есикенова Меңсұлу Қаершақызы 1954 жылы 30 мамыр күні Башқұртстан АССР Мариуз ауданында дүниеге келген. 1973 жылы мектепті бітіргеннен кейін Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы пединституттың жаратылыстану-география факультетінің биология мамандығына оқуға түскен. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Шыңғырлау ауданы Полтавка ауылындағы мектепте 35 жыл мұғалімдік қызмет атқарған.

Ал Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ музейінің

меңгерушісі Меңсұлу Қаершақызының 35 жылын бала тәрбиесіне арнағанын көбі біле бермейді. Талай шәкірт тәрбиелеген апамыз бүгінде ардагер ұстаз, аяулы ана, ардақты әже. Зейнетке шықса да адалдық пен шындықты ту еткен апамыз БҚМУ музейінің меңгерушісі қызметін атқарып жүр.

Меңсұлу Қайершақызы университеттегі соғыс ардагерлерімен, ардагер ұстаздармен, мәдениет қайраткерлерімен, білім ордасының түлектерімен жиі кездесулер ұйымдастырып, университеттің 1-курсина қабылданған студенттерді және мектеп оқушыларын, оқу ордасына келген қонақтарды мұражай, оқу орнының тарихымен таныстыру мақсатында экскурсиялар ұйымдастырып отырады. Бұл ойымызды мұражай меңгерушісінің басшылығымен университет түлегі, тарихшы, өлкетанушы, еңбек ардагері Жайсаң Досболатұлы Ақбаевпен, 85 жыл тарихы бар оқу ордамызда 30 жылдан астам еңбек етіп келе



жатқан филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Жангелді Жұмақайұлы Шайекеновпен, мерейтой қарсаңында химия ғылымдарының кандидаты, доцент Череватова Нина Константиновнамен, **50 жылдық мерейтойына орай** өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент, «Хореография және мәдени-тынығу жұмысы» кафедрасының меңгерушісі Айтқалиева Қарлығаш Даирғалиқызымен «Өнермен өрілген өмір» атты, **8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай** «Аяулы ана, ардақты әже, ұлағатты ұстаз!» тақырыбында Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының аға оқытушысы Бақтығұлова Балхия Ноғайқызымен, 80 жастың сеңгіріне шыққан педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Илья Матвеевич Ломоносовпен өткізген кездесу кештері айшықтай түссе керек.

Республикаға танымал, білім беру саласында өзіндік орны бар киелі қара шаңырақтың өткені мен бүгінінен толымды сыр шертетін тәжірибелі маманның өнегеге толы өмірі баршаға үлгі болса керек.

Төлеген ҚАЙЫРҒАЛИЕВ,
қазақ тілі мамандығының 4-курс студенті



ҰСТАЗ БАҚЫТЫ – ШЫҢДАҒАН ШӘКІРТІ



«Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», – деген Әл-Фараби бабамыздың сөзі біздің аяулы да, ардақты ұстазымыз, кураторымыз Айгүл Бақтығалиқызына арналғандай...

Егер шәкірттік жылдарымыздың балдәурен сезімге толы парақтарын бүгінгі есейген болмыс-бітімімізбен тағы да бір ой елегінен өткізіп, сараптасақ, соның әр бетінде көзге ыстық, көңілге жылы көрінетін аяулы бір бейне бар, ол – Өзіңіз. Шәкірттеріңізбен араласа жүріп қызмет еткен сәттеріңізде, біздің әлі қалыптаса қоймаған сана-сезімімізге баға жетпес білім-білік байлығын сіңірді, ғылым әлемінің таусылмайтын шексіз көкжиегіне жетелеуді мақсат етіп қана қоймай, Сіз ең алдымен мына қоғамға, мына өмірге білімпаз, әрі саналы шәкірт тәрбиелеуге тырыстыңыз. Бұл Сіздің мәнді де мағынаға толы ұстаздық сәттеріңіздің басты өлшеміне айналғандай еді. Сізден бөлініп, қанат қатайтып, өмір

баспалдағымен ілгері аяқ басқан кездерімізде, Сіз

сіңірген өнеге мен тәлімді өмірдің өзінен сабақ ала отырып, бұрынғыдан да айқын, жарқыраған көңілмен сезіндік, бойға ұялаттық.

Өмір баспалдағымен неғұрлым ілгері басқан сайын - Ар, Адалдық, Әділеттілік, Ізгілік, Достық, Махаббат сияқты қасиетті ұғымдар Сіздің Ұстаздық бейнеңізбен үйлесім тауып, алдымыздан әрдайым шығып отырады. Ғұмыр-дарияның асау толқынына ұшырап, иірімді ағысына қарсы әрбір қадам жасаған сәттерімізде де, Сіз айтқан сөздер жақсылық ұшқынындай болып, бағыт-бағдар берер шамшырағымызға айналды, Сіз нұсқаған биігі мен шыңынан үнемі қол бұлғап, мен мұндалап отырды. Сонда барып ұстаз ұғымының қасиеті мен ұлылығын ұғындық.

Қадірлі ұстаз! Өзіңізден алыстап, өмір соқпағымен әрбір қадам алға басқан сайын, тұлғаңыз соншалықты биіктей түсті, сол биіктей түскен болмысыңыз жанға жігер сыйлап, әрдайым да уақыт кемесін кешегі күндеріміздің тұп-тұнық айдынына тағы да бір сәт бұрып әкетіп отырады.

Сіз – біз көрген ұстаздардың арасында ерекше есімізде қалатын, өзіңіздің білімділігіңізбен, адамға тән адамгершілік қасиетіңізбен, ұжымыңыздың алдында да, оқытқан шәкірттеріңіздің алдында да үлкен құрметке ие болған жансыз.

Сіздің берген біліміңіз, оқытқан сабақтарыңыз, айтып түсіндірген дәрістеріңіз есімізден әлі күнге кетпей, ешқашан өшпейтін естелік болып қалары анық.

Ұстазымыз өз сөзінде ылғи да «Мен оқытып түсіндірген сабақтарды мен өзім қалай білемін, қалай сөйлеп, қалай түсіндіріп берсем, мен оқытқан шәкірттер маған дәл солай түсіндіріп, айтып беруі керек» деп талап қоятын. Біз



үшін бұл қағида нағыз ұстаздыққа тән дер едік.

Құрметті Айгүл Бақтығалиқызы! Осындай өткен шақтарымыздың балғын бейнеге толы парақтарын тағы да бір ой елегінен өткізіп, үңіле түскен сәттерімізде де, сол қызықты жылдардың басты тұлғасы болып саналатын Өзіңізге мықты денсаулық, қажырлы қайрат, толағай табыстар тілей отырып, отбасыңыз бен балаларыңыздың амандығын, еңбек еткен ұстаздық жылдарыңыздың жемісін, ұл-қыздарыңыздың қызығын көре беруіңізге әрдайым да шын жүректен тілек білдіреміз:

Сіздің 2003-2008 оқу жылындағы ең алғашқы кураторлық тобыңыз, «Қолданбалы математика» мамандығының студенттері

*Мерейіңіз тасы берсін,
Айгүл Бақтығалиқызы!*

Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, ұстаз қай кезде де білім ордасының жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан қоғам дамуында білім беру ең маңызды мәселе болып табылады. «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде ұстаздар алдында үлкен жауапкершілік жүктеді. Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім нәрін санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Нағыз мұғалім, міне, осы. Өйткені, әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы – ұстаз берген білімде. Осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеуде жаңа тұрпатты мұғалімнің ролінде келе жатқан – рухы таза, ой – өрісі биік, жас ұрпақтың болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам бұл – физика-математика факультетінің деканы, п.ғ.к. Айгүл Бақтығалиқызы.

Айгүл Бақтығалиқызы өмірден мол тәжірибе жинақтап, жас мамандарды тәрбиелеп, еңбек жолына бағыт-бағдар беріп, ақылшы, көмекші болып келеді. Сүйікті ісімен шұғылданумен қатар бауырларының, әріптестерінің, достарының, шәкірттеріңіз алғысына, ыстық ықыласына бөленіп жүрген жанның бағындырған белестері де жетерлік. Осы қалпынан таймай, асулардан асып, берекесі тасып, жұбайымен бірге балаларының қызығын көруге тілектеспіз.

Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірімді ана, асыл жар бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні ғұмырыңыз ұзақ, көрер қуанышыңыз мол болсын деп тілейміз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

Айгүл Бақтығалиқызы, сізді мерейлі 50 жасыңызбен физика-математика факультеті ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

В ходе единого дня Ассамблеи народа Казахстана по обсуждению проекта «100 новых учебников на казахском языке» 19 апреля т.г. в Доме Дружбы состоялась встреча ученых ЗКГУ имени М.Утемисова, активистов АНК, студентов высших и средних учебных заведений областного центра.

Инвестиции в Знания

Выступивший с приветственным словом заместитель председателя АНК ЗКО, заведующий секретариатом Г.Х.Капаков отметил широкий спектр мероприятий, развернувшихся в стране в рамках обсуждения проекта, представил гостей. Выступившие на встрече директор института «Рухани жанғыру» ЗКГУ имени М. Утемисова, профессор А.С.Тасмағамбетов, руководитель центра социологических исследований ЗКГУ, доцент П.А.Добряев, говоря о масштабной работе ученых, экспертов, переводчиков книг признанных во всем мире авторов по гуманитарным наукам, путях ее финансирования, отметили проект как беспрецедентный акт инвестиции государства в знания, заботу о новом поколении специалистов, способных стать конкурентоспособными перед новыми вызовами времени и необходимости добросовестно трудиться в непростых условиях рыночной экономики. Эту мысль поддержали активисты студенческого самоуправления вузов города.

Также на едином дне состоялась презентация книги «Ер төстік» старейшины ОО «Чечено-ингушское культурно-просветительское общества «Вайнах» Мухтара Бохаева на казахском языке. Автор, ушедший из жизни



в 2016 году - сын репрессированных родителей, сквозь призму своих переживаний воссоздал картину нелегкой жизни детей «врагов народа» в 40-60 годы прошлого столетия, бескорыстной помощи, оказанной им простыми казахскими семьями, дружбы с казахстанцами, пронесенной им через всю жизнь. Об этом говорили супруга и дочь писателя, работники благотворительных организаций, приехавшие из Чеченской Республики.

Собкорр.

ФУНДАМЕНТ МОДЕРНИЗАЦИИ ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Программная статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» стала стратегическим ориентиром, сплотившим все казахстанское общество на пути к духовной модернизации. Одной из ключевых задач, поставленных в данной статье, стала реализация проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке». Недавно в Библиотеке Первого Президента состоялась презентация первых 18 книг, изданных в рамках данного проекта. Это событие по праву можно назвать интеллектуальным прорывом в системе высшего образования страны. Так как, чтобы быть конкурентоспособными, готовить специалистов, востребованных в рамках мирового стандарта, необходимо интегрировать в глобальное образовательное пространство.

Впервые мировой интеллектуальный багаж становится доступным нашим гражданам на казахском языке. Как отметил Нурсултан Назарбаев: «Проект «100 новых учебников» направлен на решение важной задачи – модернизации гуманитарного знания. Обновление учебников и академических ресурсов создает научный фундамент для эволюционной модернизации общественного сознания. Просто листаешь, смотришь оглавления этих книг и удивляешься: почему мы раньше этого не сделали?».

Оригинальность данного проекта состоит в том, что перевод представленных книг осуществлялся с языка оригинала – английского, русского, французского. Причем эта эксклюзивная гуманитарная коллекция доступна для всех казахстанцев в трех форматах. Это: книги, электронные версии и видеолекции. Этот проект дает серьезные преимущества казахстанским студентам, преподавателям, ученым. Открывается свободный бесплатный доступ к самым востребованным во всем мире университетским учебникам на государственном языке. Большинство из трудов входит в число лучших учебников многих библиотек ведущих британских университетов Оксфорда, Кембриджа, Гарварда и других передовых вузов.

Так же реализация данной программы вносит большой вклад в развитие национальной терминологии, создает прочную основу для школы казахского переводческого дела. Важно отметить, что по поручению Главы государства планируется уже в течение месяца выпустить данные книги и передать в дар библиотекам всех вузов страны.

В фонде научной библиотеки ЗКГУ им. М. Утемисова активно ведется работа по пополнению учебной литературы зарубежных авторов на государственном языке. Для полиязычных групп приобретается литература



университетов Оксфорда, Гарварда и др. Имеется онлайн доступ к библиотеке Оксфордского университета Oxford University Press. Эта коллекция зарубежных авторов пополняется серией мировой учебной литературы, переведенной в рамках проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке». Уже с нового учебного года они будут введены в учебную программу и наши студенты смогут прикоснуться к знаниям мирового уровня, перенять навыки ведущих специалистов мира и использовать полученные знания в практике во благо процветания научной мысли Казахстана и воспитания нового поколения высокоинтеллектуальной нации.

Тоты АЛИМБЕКЕРОВА,
директор научной библиотеки ЗКГУ им. М. Утемисова

Біз алдыңғы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әр түрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние-жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан



«Кітап-тарих, шежіре!»

Қазақстанда да өте жоғары деңгейде аталып өтілуде. Кітаппен жақын болғанның қашанда жолы – даңғыл. Ғылыми кітапхана ұжымы 20 сәуір күні «Дүниежүзілік кітап пен авторлық құқықты қорғау күні» аясында «Кітап-тарих, шежіре!» атты шарасын жүзеге асырды. Шара кездесу мен ашық сұхбат ретінде оздырылды. Елбасының «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда,

цифрлы қызмет көрсету, денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да салаларды дамыту керек»- деп айтқан пікіріне орай бірнеше тілде жазылған оқу-құралдарының авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, физика-математика факультетінің деканы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері төсбелгісі мен 2015 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» Медешева Айгүл Бақтығалиқызы кештің арнайы қонағы болды. Шара барысында Астана қаласында өткен «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Болашақ жастардың қолында, әр азамат туған тарихын, мәдениетін біліп, білім мен ғылым жолында ізденпаз тұлға болуы міндетті»- деп, атап өткен болатын. Кітап – нәзік те, тұнық әлем! Кітап – рухани қазына, байлық, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы. 1995 жылы 23 сәуір - «Дүниежүзілік кітап күні» деп жарияланды. Міне, содан бері бұл күн Ресейде, Германияда, Америкада, т.б шетелдерде және өзіміздің

қорытындылады. 100 жаңа оқулық» атты жобасына қатысып келген Рухани жаңғыру институтының директоры Тасмағамбетов Асет Сембаевич студенттерге «Гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын кеңінен таныстырып, өз ойымен бөлісті. Аталмыш шараға 2017-2018 оқу жылының үздік оқырмандары Жанұзақ А.Н. – Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру мамандығының 4-курс, Шайкенов А.Ж. – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс, Ислам Г.Б. – Есептеу техникасы мамандығының 4-курс, Дәулетбаева А.Т. – Филология: орыс тілі мамандығының 3-курс студенттері атсалысып, өз ойларымен бөлісті. Шараға көрермен болып қатысқан оқырмандардың білімдерін тексеру мақсатында кітапхана ұжымы 3 бөлімнен тұратын: I бөлім – «Сұрақ-жауап», II бөлім – «Мақалдың жалғасын тап», III бөлім - «Тұлға келбетің танысыз ба?» тақырыбымен «Білім көзі- кітапта» атты ойын ұйымдастырды. Шара соңында филология ғылымының кандидаты, филология факультетінің деканы Зиннолла Жақсылықұлы Мутиев, педагогика ғылымының докторы, Мәдениет және өнер факультетінің деканы Абат Сатыбалдыұлы Қыдыршаев сөз сөйлеп, студент жастарды кітапты көп оқуға шақырды. Студент жастарды кітап оқуға шақырған замандастары Немат Келимбетовтың «Үміт үзігім келмейді», Кобо АБЭ, Кэндзабуро ОЭ «Құм құрсауындағы әйел Бөтен Бет Жапон жаны» сынды әдеби кітаптарды оқуға шақырды. Аталмыш кітаптарды ұсына отырып, қандай қиындық кездессе де, үміттің үзілмеуін, батылдыққа, құрсаудағы әйел сынды, құрсауда қалмай көп еңбектеніп, ізденімпаз болуға шақырды. Кітапхана ұжымы «Кітап – білімді қару еткен жаңа әлемдегі еліміздің озық та өнерлі өкілі болады, әрдайым биікке самғап жүріңіздер» - деген ақ тілектерді тілеп, Сақтайев Нұрсұлтанның «Самға» өнімен шараны қорытындылады.

Әлемнің үздік туындылары қазақ тілінде

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ХХІ ғасырдағы ұлттық сана хақында айта келіп, таяу жылдардағы міндеттер сапынан қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алуды баса айтқан-ды. Дау жоқ, бүгінгі тұста қазақ еліне техника, медицина саласының мамандары ғана емес, қазіргі заманды да терең толғай алар, келешекті де болжай алар күзиретті кәсіби мамандардың ауадай керектігіне сөз жоқ. Осы бағыттағы батыл қадам нәтижесінде бізге тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерімізге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау ауадай қажет. Ол үшін бірер жыл көлемінде гуманитарлық білімнің күллі бағыттары бойынша әлемдік деңгейдегі ең үздіктер сапынан танылған 100 оқулықты алуан өзге тілдерден қазақ тіліне тікелей түпнұсқадан аударып, жастарымызға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік туғызуға тиіспіз. Ал осы орайдағы күрделі де салмақты ісіміз еліміздегі жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім беруге даңғыл жол ашпақ. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген күзиретті кәсіби мамандарды даярлауға алғышарт болмақ. Демек, қазақ елі болашағының негізі бүгінгі жоғары білім ордаларының базасында қаланары даусыз. Ал әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде басылым көруі көп кешікпей-ақ жемісін берері сөзсіз. Ендеше, уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді екшеп ала отырып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын әзірлеп ұсынуымыздың дұрыстығына кім-кімде шек келтірмейді. Осы ретте осыншама келелі мемлекеттік кесек шаруаның оң бағытта басталғаны қуантады. Сең қозғалды. Ел келешегінің қамы үшін алғы мақсат үдесіндегі алғашқы 18 оқулық басылым көріп, білім ордаларына беріле бастады. Елбасымыз осы бастапқы 18 жаңа еңбектің тұсауын кесіп, қазақ жұртшылығына ақжарма түйінді тұжырымдарын тарата айтты. Қадірлі жастар, тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып жарық көрген еңбектердің ерекшелігі, құндылығы неде, ол еңбектер сіз бен бізге не бермек? Біздіңше, бұл саладағы оқулықтардың құндылығы турасындағы бірер сөзді шәкірт түсінігіне сай айқын саралап алу артық емес. Мәселен, философия ілімінің дамуына үлес қосқан ойшылдардың тұлғасы мен шығармашылығына арналған «Философияның қысқаша тарихы» (*Сократтан Деллидаға дейін*) (Авторы – Дерек Джонстон) оқулығы әр дәуірдегі ғылыми жаңалық, тарихи оқиға, әдеби көркем туындыларды философия тұрғысында талдауды мақсат еткен. Ал «Батыс философиясының жаңа тарихы» (*Сэр Энтони Джон Патрик Кенин*) туындысы төрт бөлімді философия ілімінің ежелгі

заманнан бүгінге дейінгі дамуын толық қамтуды межелеген еңбек. Сериалды еңбектің «Антика философиясы» аталған алғашқы томында ежелгі Жерорта теңізі маңындағы философияның тууы, өркендеуі хақында баяндай келіп, адами ойлау мен пайымдаудың таңғажайып өрісі қаншама адамзаттық өзгерістерге қозғау салары аңғартылып, ой мен қоғам дамуының бағыт-бағдарына бағышталған. Бұған жалғас «Орта ғасыр философиясы» атты 2-томында автор Батыс философиясының жаңа тарихы турасындағы еңбегін біздің дәуірімізге дейінгі 400 жылдан, яғни, христиандық, исламдық ой-сананың негізін салушылардан бастап, Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі аралықты қамтитын кезеңді баяндау бағытында өзіндік пайыммен тұщымды ой өрген. Ал француз ғалымы Реми Хессстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы» көрнекті ойшылдардың шығармаларын француз философиялық мектебі тұрғысынан таныстыруды мақсат тұтқан.

Кезекті оқулық «Әлеуметтану теориясы» (*Джордж Ритцер, Джеффри Степницки*) – аталған сала ғылымының өзекті мәселелерін классикалық және қазіргі көзқарастарды ұштастыра талдауға негізделген еңбек. Ал «Әлеуметтану негіздері» (Дэвид Бринкерхоф, т.б.) оқулығы қоғам және оның құрылымы жөнінде кең көлемді мәлімет беріп, сәйкесті саланың негізгі ұғымдарын, зерттеу әдістерін саралауға арналған.

Жаңа гуманитарлық білім беру тобындағы «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» (*Эллиот Аронсон*) еңбегі әлеуметтік психологияға адам табиғаты мен болмысы арқылы жол салған ерекше туынды десек болады. Ал «Қазіргі психология тарихы» (*Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульц*) оқулығында осы ғылымның қалыптасуы кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі дамуы қамтылып, роботтар мен жасанды интеллект секілді жаңа құбылыстарды психология тұрғысынан талдауға арналған. Осыған орайлас «Әлеуметтік психология» (*Дэвид Майерс, Жан Туенж*) оқулығы осы саланың негізгі бағыттарын толық қамтуды көздеген.

Ал «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» (*Светлана Тер-Минасова*) оқулығы түрлі ұлт және мәдениет өкілдерінің өзара ұғынысып, тіл табысуындағы маңызды тұстарға үңілуді көздеген. Осы салаға үндес «Тіл біліміне кіріспе» (*Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хайамс*) оқулығы да тілдік өзгеріс, тілді меңгеру, жазба тілдің негіздері, тіл және адам миы сынды мәселелерді жаңаша талдауға арналған.

Бұл саптағы «Экономикс» (*Грегори Мэнкью, Марк Тейлор*) еңбегі – экономикалық теория саласындағы идея мен құбылыстарды мейлінше қарапайым әрі ұғынықты жеткізуге арналған оқулық. Ал «Менеджмент» (*Рики Гриффин*) оқулығы – салалық дәстүрлі түсініктерді, жаңа ұғымдар мен тұжырымдарды кеңінен қамтыған еңбек.

Из глубины веков

Театр ~ «наставник для умов, целитель для сердец»

*Театр – зрелище, и школа для народа.
Бродить сердца людей – вот в чем его природа!
На путь неправедный он не дает свернуть,
Он к свету нас ведет, открыв нам правый путь.....
Он воспитанья храм, он знания дворец.
Наставник для умов, целитель для сердец.*
Габдулла Токай

Недавно в театре им.А.Н.Островского прошел спектакль Лопе де Вега «Дурочка». Данную жемчужину мировой драматургии посмотрели студенты ЗКГУ специальностей «Русский язык и литература», «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения», «Филология: русский язык», а также студенты неязыковых факультетов, изучающих русский литературный язык и русский язык в качестве языка науки. Поразительный простор для мысли открывает этот дивный спектакль про любовь, про жизненную суету.

«Дурочка» – творение испанского драматурга Лопе де Вега (1562-1635), которая вот уже несколько веков радуется глаз зрителей. Эта комедия - динамичный спектакль, наполненный музыкой и современной хореографией. А искрометное и мастерское исполнение ролей актеров на сцене придавало спектаклю статус комедии самого сложного для воплощения, но такого любимого зрителями жанра.

Постановка вызвала бурю впечатлений у студентов, которые позже выразили свои восприятия письменно. Ниже приводим некоторые из них.

Батырбаева Перизат, студентка группы Э-11

Я никогда не ходила в театр, и даже им не интересовалась. В один прекрасный день мы всей группой пошли в театр им.А.Н.Островского, который был построен в 1858 году. Театральное представление – древнейший вид искусства. Когда я побывала в театре, то поняла, насколько сильно он отличается от других видов искусства.

Узнала, что пьеса «Дурочка» была написана в 1613 году, но была опубликована в 1617 году.

На театральной сцене все действия актеров выглядят естественными и натуральными. Все актеры вкладывают свою

душу в роль. Актеры перед зрителями, как на ладони.

Мизамбаева Гульжайна, студентка группы ИЯ-13

Человек не может жить без любви. Люди отвергают, убегают от любви, потому что их отвергли, они обожглись, и теперь они боятся обжечься снова. Но потом их все равно тянет обратно испытать это чувство. В спектакле «Дурочка» любовь не поддается разуму и не измеряется деньгами.

Действие спектакля происходит в Мадриде и Ильескасе, в семье достаточно зажиточных горожан. У одного почетного представителя дворянства есть две красивые племянницы, которых он обожает. Приходит время, и им необходимо искать хороших мужей. Но вот беда: одна из девушек прекрасна и умна, но бедна, как церковная мышь, а другая – богата, но абсолютно глупа. Потенциальные кавалеры так и вьются вокруг этих двух особ, но не в состоянии выбрать. Страсти накаляются, и многие словесные дуэли уже практически готовы превратиться в настоящие. Но тут в дело вмешивается «ее величество» любовь.

Подводя выводы о любви, можно сказать, что искренняя любовь помогает человеку стать лучшие и добрее.

Аялбергген Айнура, студентка группы МО-11

Роль дурочки Финей исполнила очень харизматичная актриса – Вика Сторожевских. Она в свою героиню воплотилась замечательно. Мне она понравилась больше всех. А актриса, сыгравшая Нис, Элеонора Бактыгереева – очень красивая и элегантная. А остальные актеры не запомнились. Было очень шумно, громко, очень много всего. Порой выбивала из себя стихотворная форма - я вообще поэзию не особо люблю и на слух стихи не воспринимаю. К счастью, не все реплики так построены.

Рахматуллина Гулсара, студентка группы Х/анг.

«Дурочка» – актерский спектакль. Построен на немного наивном, но довольно интересном и забавном сюжете. Главной изюминкой спектакля являются две сестры, одна из которых и есть, мягко говоря, дурочка.

Это прекрасная история о любви и чудесах, которые она творит. Дурочка становится умницей, гордячка познает муки ревности, самовлюбленный красавец отказывается от богатства.

Көпшіліктің назарын аудартып, елең еткізген туынды «Иудаизм, христандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны» (*Карен Армсторне*) – әлемнің 30-дан астам тіліне аударылған, миллиондаған таралыммен басылым көрген дінтану саласындағы көрнекті еңбектердің бірі. Турасын айтсақ, санамызға Құдайға сену ұғымы қалай орнықты? Адамзаттың Жаратушы туралы түсінігі қалай өзгеріп отырған? Жаратушыны әлемдік үш дін (яхудилік, христиандық, ислам) қандай сипаттарымен таниды? Бұл діндердің бір-біріне ықпалы қандай? Автор осы сауалдарға жауап іздеу барысында бірқатар құнды ғылыми тұжырымдар жасаған. Еңбекте монотеизмнің тұтас тарихы қамтылған. Антикалық философиядан орта ғасырдағы мистицизмге, Қайта өрлеу мен реформашылық дәуірдегі рухани ізденістерден қазіргі заманғы скептицизмге дейінгі Жаратушыны тану тарихын баян еткен. Яхудилік, христиандық пен исламдық таным өрісі аясында адамзат ақыл-ойының Жаратушы туралы ұғым түсінігінің даму кезеңдері көрсетілген. Ал «Антропология тарихы мен теориясы» (*Алан Барнард*) еңбегі антропологияның ғылым ретінде қалыптасуына шолу жасап, антропология туралы заманға сай, пәнаралық түсінік қалыптастыруға негізделген.

Жоғарғы аталған еңбектерге жалғас ұсынылған «Төртінші индустриялық революция» (*Клаус Шваб*) атты туындысы – қазіргі технологиялардың адамзат өміріне әкелетін түбегейлі өзгерістері туралы баяндайтын ойлы зерттеу. Сол сияқты «Медиаэтика» (*Ли Энн Пек, Гай Рил*) оқулығы қазіргі журналистикадағы әдеп пен заң, адамгершілік пен ар-ождан, мораль мен этика мәселелерін нақты мысалдар арқылы талдауымен құнды. Соңғы «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика» (*Дональд Куратко*) оқулығы жастарды кәсіпкер болудың қыр-сырына баулиды. Еңбек ХХІ ғасырдағы экономикалық, қоғамдық және әлеуметтік дамудың басты қозғаушы күші саналатын кәсіпкерлік құбылысты теориялық, тәжірибелік тұрғыдан зерделеуге арналған. Кәсіпкерлікті жете түсіндіру мақсатында оның бастау, жоспарлау, қалыптасу және даму сатылары жүйелі де дәйекті талданған. Кәсіпкерлік идеясы аясында нарық талаптарына сай ойлау жүйесі мен инновацияның орны кең көлемде айқындалған. Мақсат – кәсіпкерліктің үздік тәжірибелерімен таныстыру, тәжірибелік, эксперименттік оқыту әдістері арқылы кәсіпкерлікке қатысты дағдыларды сіңіру.

Қысқасы, әлемнің ең үздік деп танылған он сегіз туындысы қазақ тіліне аударылып сіздің қолыңызға берілді. Оқып көріңіз, ой-санаңыздың өзгереріне сенімдіміз.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, қоғам қайраткері*

Ну и финал – чудесный финал единения влюбленных и смотреть его - такое удовольствие!

Шандыбай Молдир, студентка группы Х-11

Театр – зрелищный вид искусства, представляющей собой синтез различных искусств литературы, музыки, хореографии. Родовое понятие «Театр» включает в себя различные его виды: драматический театр, оперный, балетный. Я была в драматическом театре им. А.Н.Островского. Мне театр очень понравился.

Жумасатова Айдана, студентка группы ГЕО-11

После посещения театра и просмотра спектакля «Дурочка» меня переполняют эмоции. В каждом герое я увидела скрытый смысл.

Преображение человека хорошо показали актеры. Самое главное, в спектакле мне понравился счастливый конец.

Спектакль получился достаточно смешным и интересным. Я несколько не пожалела, что побывала на этом замечательном спектакле, испытала столько положительных эмоций.

Бекманова Акерке, студентка группы ИЯ-13

Любовь – это то чувство, которое дарит человеку крылья. Любовь заставляет творить. Любовь – это вдохновение в чистом виде. Мы по спектаклю «Дурочка» видим, что любовь не измеряется деньгами. Главное действующее лицо, самое прекрасное в мире чувство – любовь.

Услышав отзывы о просмотренном спектакле, о впечатлениях студентов казахских групп, мы пришли к следующим выводам.

Молодое поколение имеет чуткое сердце к прекрасному. Эмоции, брожение сердец студентов пробудил один из древнейших видов искусства - театр.

«Наставником для умов, целителем для сердец», как писал Г.Тукай, продолжает оставаться театр.

В итоге студенты казахских групп всех специальностей не только выразили свои впечатления на русском языке, но и продемонстрировали практические знания и грамотность по русскому литературному языку.

Г.С.УМАРОВА,

*доцент кафедры русской филологии
Н.У.ЕРГАЛИЕВА,
магистрантка 1 курса спец. «Русский язык и литература».*

Жаңа жолдауды талқылау тұлға дамуына бағыт береді

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты кемел келешекке жетелейтін өзекті мақаласы бүгінде қоғамда қызу талқыланып жатыр. Болашаққа қалай қадам басып, бұқаралық сананы қалай өзгертетінімізді өзегімізге сіңірген өрелі сөздерден әрбір қазақстандық өзіне қажетті таным мен тағылымды алды деген ойдамыз.

Ғылыми әдебиетте Жаңғыру қоғамның әлеуметтік эволюциясына, оның құрылымдық және функционалдық жіктелуінің заманауи қалыптасуына, өсуіне алып келетін саясаттағы, экономикадағы және мәдениеттегі инновациялардың тарихи ұзақ процесі ретінде белгіленеді.

Жаңғыру процесі сатылы, көпфакторлы, тарихи инвариантты және қайтымды болып табылады; ол өңірлік және өркениетті ерекшелікке ие және әр түрлі қоғамдық ішкі жүйелерде және дамудың әр түрлі кезеңдерінде әр түрлі жылдамдықпен және қарқындылықпен өтеді.

Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құра отырып, бірінші жаңғыруды жүзеге асырды.

2030 – стратегиясын қабылдап және Астананы салып, Қазақстан 50 дамыған елдің қатарына енді. Бұл - екінші жаңғырудың нәтижелері. Үстіміздегі жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекелік қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің үшінші жаңғыруын іске асыруға кірісті. Басты мақсат – ұлт жоспарын орындау негізінде әлемнің 30 озық елінің қатарына ену.

Қазақстан Президенті елдің жүйелі және дәйекті эволюциялық дамуын көздейтін мемлекеттік саясаттың өзара байланысы мен сабақтастығына көңіл бөле отырып, еліміз аяқ басқан жаңа тарихи кезеңге тән қауіптер мен сын-қатерлерді жан-жақты бағалай келе өзінің рухани жаңғыру тұрғысынан болашаққа терең көзқарасын баяндады.

Өзгерістер жолына түскен елдердің әлемдік тәжірибесі жаңғырудың әлеуметтік-мәдени өзгерістерден оқшаулауға болмайтын процесс екенін көрсетеді. Жаңғыру біздің заманымызда материалдық өмірді де, рухани өмірді де біріктіріп қамтуға тиіс.

Демек, жаңғыру – әлеуметтік-мәдени феномен, оның артында тиісті адамның әлемді сезінуі мен дүниетанымы, оның қоршаған ортаны түсінуі мен орны, дәлелдері мен мінез-құлық стилі, құндылық бағдарлары мен мәдени қалауларын меңгерген жүйесі, соның ішінде өмірдің саяси нысандары, белгілі бір құқықтар мен міндеттемелер жүйесінен тұрады.

Иә, бүгінде тұтас жас буынымыз батыстың мәдениетіне еліктеп, жат дүниелердің қағидаттарын жалау қылған шақта Елбасымыздың ұлттық кодымызды сақтау туралы сүбелі сөзі шынымен де ойландырады. Бүгінде Қазақстан экономикасы қарқынды дамыған, заманның жаңа

технологиялық процестеріне ілесіп, өзге озық елдермен терезесі тең, керегесі кең мемлекетке айналғанын көріп отырмыз. Халықтың әл-ауқатымен қатар, салт-дәстүріміз бен мәдениетімізге, әдебиетімізге де айырықша көңіл бөлініп келеді.

Дүние құбылып тұрған алмағайым шақта Елбасы айтпақшы ұлттық кодымызды сақтап қалу әрбір отандасымыз үшін маңызды. Ол үшін біз тарихымызды терең біліп, дәстүрлерімізді сақтап, әдебиетімізді дамытуымыз керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар осының бәрі заман ағымдарының ықпалында кетпей, оларға төтеп беретін басты күш болу керек шығар.

Елімізде ұлт мүддесіне қажетті тарихи, мұрағаттық құжаттардың жинақталуы шарт. Олай болмаған күнде руханият пен мәдениеттің бір бүйірі олқы соғары анық. Мысалы, мұндай орталықтар Армения ғана емес, АҚШ, Франция, Қытай, Малайзия секілді көптеген дамыған елдерде жұмыс жасауда. Міне, біз ұлттық код, тарихты білу деп жатырмыз. Әрине, ұлттық код дегенде біз халқымызға қажетті рухани байлықты ой елегінен өткіземіз. Алайда, бойымызда біз арылатын қасиеттердің де барын мойындау керек. Елбасы өз мақаласында жершілдік секілді қоғамға кері әсер тегізетін дағдыларды да бекер түйреп өтпеді.

Біз бір ауылдың баласы емес, тұтас Қазақстанның перзенттері болуымыз керек.

Мемлекет басшысының мақаласында айтылған өзекті мәселе ол – латын әліпбиіне көшу. Бұл, соңғы он жылда талқыланып келе жатқан өткір тақырып. Қазақстан үшін латын әліпбиіне көшу қажет екені сөзсіз. Бір ерекше атап өткіміз келетіні, Елбасымыздың латын әліпбиіне көшу туралы бастамасын көрші мемлекеттер де қолдап отыр. Мәселен, Қырғызстан саясаткерлерінің латын әліпбиіне көшу туралы айтан пікірлерін БАҚ-тан оқып жатырмыз.

Иә, Елбасының «Рухани жаңғыру» біздің тарих толқынындағы ақ желкеніміз, ұстанымымыз бен бағдарымыз болуы тиіс.

Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Р.Д. САРИЕВА, Р.Б. ДОСКАЛИЕВА, Л.М. МАДЕНОВА

Білімді ұрпақ - болашақтың білікті маманы

Еліміздің дамуына Елбасымыз бірнеше міндеттерді жүктеген болатын. Мұндағы басты мақсат - халық игілігі, халық қалауының біртұтастылығы. Көптеген мәселелердің жоғары нәтижелермен аяқталып, жүктелген тапсырмалардың өз деңгейінде орындалып жатқанын байқаймыз. Басты байлығымыз - жер анамыз, одан кейінгі асыл қазынамыз - халқымыз, басымызға тәж болған - тәуелсіздігіміз. Байлықты да өз уақытында қорғап, дамытып отырмасаң, ол өзінің құнын жоғалта береді. Осы бір мәнісі терең ұғымды көшбасшымыз басты назарға ұстай отырып, жыл сайын асыл қазыналарымыздың өркендеуіне елеулі үлес қосатын бірнеше даму стратегиясын ұсынып келеді. 2018 жылғы 10 қаңтар Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екеніне сенім білдіре отырып, бұл үшін мынадай міндеттерді шешуге жұмылу керектігін айтты. Жолдауда қамтылған жаңғырудың ішінде маңызды рольге ие - білім беру саласына да аса мән берілген. Адами капитал – жаңғыру негізі.

Білім берудің жаңа сапасы. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет.

Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады.

Осыған орай металлургия, мұнай-газ химиясы, агроөнеркәсіп кешені, био және IT-технологиялар салаларын зерттеу ісіне басымдық беретін жоғары оқу орнын дамыту керек.

Қолданбалы ғылыми-зерттеулерді ағылшын тіліне біртіндеп көшіруді жүзеге асыру қажет. Осындай маңызды міндеттердің жүктелгеніне көре отырып, еліміздің ертеңіне нық сеніммен қарай аламыз. Бұл тұрғыда білім беретін ұстаздың міндеті күрделеніп, жауапты бола түскенін

байқаймыз. Білімді ұрпақтар санын көбейтіп, өскелең жастың болашақтағы бағытының дұрыс қалыптасуына септігін тигізу - ұстаздың басты мақсаты. Ұстаз деген бес әріптен құралған сөздің мағынасының қаншалықты тереңдігін мектеп қабырғасында жүріп те ұқсам, қазіргі таңда сүйікті мамандығымыздың машықкері бола отырып, таңдаған мамандығымыздың бағасы мен қадіріне толықтай жеттім десем де артық айтпаспын.

Оқушы алдында тұрып сен өзіңнің білімділігіңді ғана емес, ұтқыр ойлы, психологиялық танымды, ісі мен сөзіне жауапкершілігі мол тұлға екеніңді таныта білуің керек. 4 жыл білімімізді қорытындылап, оқытушыларымыздан алған сарқылмас тәжірибемізді, мектеп қабырғасына барып, оқушылармен белсенді жұмыс жасап, білім ордамыздың біліктілік деңгейінің жоғары екенін дәлелдей білдік. Педагогикалық сараман барысында бізге химия пәні бойынша әдіскері Есеева Г.Б жауапты болып сайланды. Сараманнан өту кезіндегі сабақтарымызға қатысып, қателіктерімізді түзеп, жетістіктерімізді мақтан ете білді. «Ұстаздың жолда ерінбей еткен еңбек қана сенің атыңды мәңгіге өшірмейді. Себебі, білім алушы бар ықыласымен білім дәнін сеуіп, сусындатқан тұлғаны жадынан шығармақ

Аспанмен таласқандай АСТАНАМ бар!

(Астананың 20 жылдығына)

Шүкірмін, Астанам бар Тәуелсізбін,
Шекарам шегеленді, қауіпсізбін.
Әлемге әйгіленді Көкбайрағым,
Кешегі ізі кетті көрген күннің.

Деседі, бүкіл ғалам Қазақстан!
Астана, айналғандай Ғажапстан!
Осының барлығы да елім үшін,
Ұшамын биіктерге, қыран құспын.

Айналым, Елбасы-әке Нұрсұлтаннан.
Көңілі көкте, өзі жерде тұрған.
Ұйытып ұлтым менен ұлыстарды,
Кешегі Әлиханның жолын қуған.

Иә, Тәуелсіздік оңай келген жоқ. Бұл ата-баба аңсап өткен, талай ұлы қырғындар мен ат үстінде күн көріп, ашаршылық шөл көріп, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен, халқымның көз жасы мен арман-қиалдарының жемісі. Арқаның аязы мен құлан жортып, құс ұшқан сахара-салқар даласында, бір күнгідей болмай, осындай ғажап қала орнайды деген, кім-кімнің де өңі түгілі, түсіне де кірмеген. 1994 жылы Елбасы: «Астананы Арқаға ауыстырамыз», - дегенде, кейбір үкімет адамдары мен зиялы қауымның өзі «бұл қалай?», - деп қарсы шығып, бірақ үндей алмай іштен тынған-ды.

Сөзден іске көшкен Нұрсұлтан басшы нағыз намыс пен ардың, халық қамы мен болашақты ойлайтын Елбасының үлгісін көрсетті. 1998 жылы Алматыдан алғашқы көш Арқаға аттанғанда, Елбасы көзіне жас алып, асқан тебіреніспен: «Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен, қасиетті қазақ жерінің бір бөлігі Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, жер жәннаты - Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осылай болды», - деген болатын. Елбасы Н.Назарбаевтың ел Астанасын Алматыдан Сарыарқа төсіне көшіру жөніндегі шешімінің арқасында біздің Қазақстанның жарық жұлдызы – жаңа Астанамыз пайда болды. Бұл – бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады. Ол - алтын күні жарқырап, самұрық қыраны қалықтаған Қазақ елінің Астанасы. Ол - әр азаматтың жүрегіңде, әр шаңырақтың мызғымас ордасына айналған ордалы да ұлы Астана. Ол біздің экономикамыздың есімімен, әрбір жаңа өндіріс орнымен, ұлан-ғайыр Отанымызға төселген әрбір күре жолымен, дала төсіне енген әрбір тонна алтын дәнмен өсе бермек, нығая да сұлулана түспек.

Бұл күнде Алматы мен Астана құстың қос қанатындай, қатар самғап келеді. Әрине, Астана - Астана! Оған көп көңіл бөлінеді. Қазақстанда жыл сайын салынған 10 үйдің бесеуі Астанада бой көтереді. Көк тіреген Бәйтерек, жарқыраған Хан Шатыр, көңіл тоярлық Конгресс-холл т.б. халықтың әл-ауқаты мен тұрмысы үшін барлық жағдай жасалған. Жаңа бой көтерген Әуежай мен Есілдің сол жағалауында жайылып жатқан Нұр-Астана теңір жол вокзалы - бәрін айтып тауысу мүмкін емес. Бүкіл дүниежүзіне Астананы, Қазақстанды, Нұрсұлтанды танытқан ЭКСПО-2017 ше? Еңсең көтеріліп, бір жасап қалмайсың ба?! Халқының саны бүгінде 800 мыңға жетіп, халқының орта жасы 39-40-ты құрап отырған Астанада, болашақта 2050 жылдары, 2 млн халық болады деген болжам бар. Кішігірім Жапония сияқты мемлекеттердің бірнешеуі сыйып кететін дархан даламның асты-үсті толған байлық. Тыныштық пен бірліктің мекеніне айналған елде өмір сүру - біз үшін үлкен бақыт. Қазақ деп соғатын әр жүректің тынысы тек «Ел» деп, «Жер» деп соғуы керек.

*Ақдана ЖЕТКІНШЕК, Нұрлы ТЕГІСБАЙ,
Физ-11 тобының студенттері*

емес»- деген ұлағатты сөздерін құлағымызға құйып отырды. Әр шәкіртті тұлға қылып толықтай қалыптастыру үшін көп жылдар мен тәжірибе керек екенін анық білсек те, берілген аз ғана уақыт аралығында санамызға сіңіріп, түйсігімізге түйген түйіндеріміз өте көп болды.

Ұстаздық жолдың ең қиын жол екенін ұқтым. Мемлекет басшысының да маңызды мамандықтар қатарынан ұстаз мамандығын даралап, сенім артуы да тегін болмаса керек. Елбасымыздың саралаған дара жолын одан әрі көркейтіп, дамыту - жаңа толқын ретінде мына біздерге жүктелген. Бағытын айқындап алған жас ұрпақтың келешекте кемел білімнің сарқылмас қазынасының кілтін ұстайтынына сенімім мол.

*Гүлдана ҚОШАН,
химия мамандығының 4-курс студенті*

Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің...

Туған жер.. Туған ел... Осы екі ұғымда қаншама мағына жатыр десеңші!.. Есімінің өзі қастерлі. Мен үшін туған жер – өмірге әкеліп, мәпелеген анам, асқар тауым әкем, тай құлындай тебісіп ескен бауырларым, қиындық келгенде мойымай, жұдырықтай жұмылатын ағайындарым, мені білім жолына жетелеген аяулы ұстаздарым, сол білім жолында менімен бірге сынға түскен сыныптастарым дүниеге келген жер. Менің туған жерім кішкентай болса да, ата-бабадан мұра болып келе жатқан қазақтың салт-дәстүрлерін әлі күнге дейін жоғалтпай, ұлттың қазынасы деп ұрпақтан-ұрпаққа әкеле жатқан киелі жер, 362 әулие жатқан маңғаз өлке. Мұнайдың астанасы аталып кеткен, 50 жылдық тарихы, өзіне тән саф ауасы мен болаттай берік мінезі бар Жаңаөзен қаласы. Біздің қаладан біраз шақырым жерде орналасқан «Бекет ата», «Шопан ата», «Қараман ата», «Адай ата» жерлеріне зияраттап барып жатқан туристтердің саны көп. «Адай атаға» әр жылы наурызда әр ру бірігіп, «амал» мерекесін тойлайды. Аталар шапан киіп, әжелер кимешек киіп, жеңгелеріміз бен қыздарымыз көжекей киіп, алтыбақан теуіп, арқан тартыс ойнайды. Бұл да бір біздің қазынамыз іспетті. Осы ұлан-асыр тойды көргенде қазақ болып, оның ішінде Жаңаөзеннің азаматы болғанымна қуанам.

Алақандай ғана өлкеміз күннен күнге құлпырып, жер беті әсемдене түсуде. 50 жыл бұрын 3-4 ұй ғана болса, қазіргі таңда зәулім сарайлар, мәдениет үйлері, стадиондар, аллеялар салынуда. Халық саны өсіп, бірнеше аудандар бірігіп, ауыл болып жатыр. Елбасының жолдауында айтылған «100 мектеп- 100 аурухана» бағдарламасы аясында жылдан-жылға

мектептер тұрғызылып, ауруханалар бой көтеруде. Оқуға түскелі Жаңаөзенде көп бола бермеймін. Қыста болсын, жазда болсын әр барған сайын көркейіп, ғимараттардың салынып жатқанын көріп, кеудемді бір қуаныш билейді. Үнемі көліктің терезе бетіне отырып, далаға қарап отырам. Көз алдында аядай ғана қаланың өскенін көргенде жаныңды қуаныш тербейді. Аллаға шүкір, осыдан 10 жыл бұрын жұмыссыздық белең алып жатты, қазіргі таңда мемлекеттік жұмыстан басқа жеке кәсіпкерлер ашып жатқан әр түрлі өндіріс ошақтары, мейрамханалар, демалыс орындары көбеюде. Бұл да бір мұнайлы өлкенің бүгінгі келбеті болар. Жастарға арналған әр түрлі үйірмелер ашылып, семинар-тренингтер өткізіліп тұрады. Мен де осы тұстан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туған жерге туымды тігіп, елім үшін аянбай еңбек еткім келеді. Себебі осы қалада тудым, бейкүнә балалық шағымда осы топыраққа аунап өстім, өндім, білім, рухани тәрбие алдым. Ендеше, соны еселеп қайтару - менің міндетім. Өз мамандығымна сәйкес «Қазақстан-Жаңаөзен» телеарнасына жұмысқа тұрып, баспасөздің дамуына үлесімді қосу, жастарға осы тележурналистикаға қатысты семинар-тренинг өткізу, көрінбей жатқан жас таланттарды шығарып, қолдау таппай жүрген жандарға көмегімді беру. Бұнымен тоқтамай жеке кәсіпкерлік ашып, спортқа қатты көңіл бөліп, қолдау көрсету, адал еңбек ету, бұл менің перзенттік борышым деп білем.

Жанат НУРАНОВА,
фил-33 тобының студенті

Мектеп - университет



Менің сүйікті кітабым

Кітапсыз өмір сүру мүмкін емес екендігі бәрімізге мәлім. Кітап адамды терең ойлауға жетелейді. Әр адам кітап бетін ашқан сайын жаңа мәліметпен танысады. Ата-бабаларымыз «Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол» деп текке айтпаған. Қазіргі заманда телефонда да электронды кітаптар бар, бірақ кітапханаға барып кітап оқудың орны бөлек. Кітапхана сөрелерінде тұрған кітаптар - біздің асыл қазынамыз.

Мен сүйікті кітабымды, сүйікті авторым туралы оқудан жалықпаймын. Әсіресе, Қадыр Мырзалиевтің өлеңдерін сүйіп оқимын. Қадыр атамның шығармасының шегі жоқ. Балаларға арналған шығармаларының өзі - бір төбе. Әсіресе, жануарлар туралы жазған шығармалары маған өте қатты ұнайды. Қадыр атамның «Қызыл кітап» жинағындағы шығармаларын оқыдым, бірақ бір оқып түсіну қиынға соғады. Дегенмен мен беріп оқысаң, ұғынасың.

Менің қаламда Қадыр атамның шығармашылық орталығы бар, бос уақытымда сол шығармашылық орталыққа барып, ақынның өмірі, шығармалары жайында жақын таныстым, көп мәлімет алдым. Тек өзім оқып қана қоймай, достарыма да кітап оқындар, терең білімді кітаптан аласыздар дегім келеді.

Бек ШАКИБАЛОВ,
№ 46 ЖОБМ 4-сынып оқушысы



Мағмылды кездесу

«Мен қазақ қыздарына қайран қалам, Жанары жаны жаздай жайраңдаған. «Қыз өссе, елдің көркі» деген сөзді, Қапысыз қалай айтқан қайран бабам» - деп, өн жолдарында айтылғандай, қазақ халқының маңдайын әркез биікке көтерер қоғамның нәзік жандары - қыз баланың тәрбиесін Оқушылар сарайының «Талғампаз бойжеткен» музыкалық-эстетикалық студиясы тереңнен меңзеуді мақсат тұтқан. Осы мақсатта студияның балғын бишілері «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған ақын, Қазақстан ақындар Одағының мүшесі Ақұштап Бақтыгерейқызымен кездесті.

«Болашақта ұлт намысын қорғайтын, сендер секілді инабатты, ибалы қазақ қыздарының саны артатынына мен сенімдімін, рухани жаңғыру дегеніміздің өзі осы емес пе», - деп өзінің жүрекжарды ақ тілегін жаудырды.

Балғын бишілердің ішінен суырылып шыққан Аида Шұғай есімді бүлдіршін ақын апайға: «Мен сізді танымын, сіз ақынсыз ғой» дегенде, апайдың қуанғандығы сонша,

Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзіңнің еліңе, Отаныңа, жеріңе, ата-бабаңның төккен қаны мен теріне адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағым елін ойлап, көр-кейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек.

Н.Назарбаев

Туған жер – алтын бесік

Туған жер – әр адамның жүрегіне жылы тиер қиетті сөз. Туған жер- сенің кіндік қаның тамған жер, достарың, бауырларың, туған-туысқаның, өткенің мен бүгінгіңді байланыстыратын жер. Адам үшін туған жер біреу ғана. Халқымыз туған жерін анаға теңеген, себебі туған жер сені анадай қорғайды, көмектеседі, күш береді. Менің туған жерім - халық байлығы болып есептелетін сары алтынды астықтың мекені болатын, дүниежүзінде сирек кездесетін емдік сипаттағы уылдырығы бар қызыл балығымен әйгілі Ақ Жайық өзенінің жағалауындағы Құтсиық ауылы. Ауылым мен үшін аса қымбат. Дәл осы жерде уайымсыз балалық шағым, қызықты да алтын уақыттарым өтті. Маған ауылым өте ыстық. Ауылым жайлы айтар болсам, адамдары қарапайым, ақкөңіл, бір-біріне бауырмал, қиын-қыстау кезеңде бір-біріне көмектесуге әзір жандар. Ал табиғаты әсем, суы мөлдір, тоғайында жеміс-жидектер жайқалып өседі. Ауылымның әрбір тасы, тіпті шөңгесі де мен үшін қымбат. Ауылымда үлкен мектеп болатын. Ол мектепте көптеген балалар білім алды. Заманның өзгеруіне байланысты адамдар қалаға қоныс аударды. Мектепте оқитын балалары бар отбасылар қалаға, көрші ауылдарға көшіп кетті. Мектебімізде оқушы саны аз болғандықтан жабылып қалды. Ауылда қазір ата-әжелер және үлкен кісілер ғана тұрады. Ауылдағы адамдар қалаға көшкендіктен, көптеген үйлер бос қалып, ауылымыздың сәні кеткеніне қынжыламын. Бірақ та мен үшін балалық шағым өткен ауылым, мен ойнаған көше, табиғаты, тұщы мөлдір суы, тікенек шөңгесі де ыстық. Мен үшін кішкентай Отаным болып қала бермек. Біз де қалаға көшіп келдік. Қаламыз - ескі мен жаңаның, көне мен бүгіннің тарихи шежіресі сақталған сулу да көне қала. Әрине, қала ауылдан өзгеше. Қала адамдарының түсінігі, іс-әрекеттері басқаша. Қазір Орал менің екінші туған жеріме айналды.

Мен туған жеріммен мақтанамын. Себебі, көптеген атақты адамдар, ақын-жазушылар және әншілер, атап айтсақ, бұл жерде қазақтың ұлттық эпостарының бірі «Қыз Жібек» жырындағы Жібек өмір кешкен.

Аққулы мекен, гәккулі мекен,
Мен сені сағындым ғой Ақжайығым.
...Өзіңе деген ыстық махаббатты,
Өлгенде көрге бірге ала кетем, - деп сағынышы мен туған жерге деген махаббатты жырлаған Қадыр Мырзалиевтің елі.

Өркімнің туған жері балдан тәтті, - деп өнге қосқан Ғарифолла Құрманғалиевтің Қаратөбесі. Ондағы Ақбақай қорымында Мұхиттан басқа Ұзақ күйші, Шәңгерей Бөкеев, Бақытжан Қаратаев сияқты елден шыққан арыстар жерленген. Мен осындай киелі жерде өмір сүріп жатқанымна мақтанамын.

Ақкөңіл АЛПЫСОВА,
2018 жылдың түлегі

ол бүлдіршінді қос қолымен жоғары көтеріп алды. Биші қыздар өз сауалдарын қойып, ойларымен бөлісті, ақынның өлең-жырларын оқып, «Қамажай» өлеңіне сахналық қойылым көрсетті. Жетіген аспабында ойнап, топпен шырқалған халық әні «Ақбаян» кешті жандандыра түсті.

Өлеңі нәзік, өзі шыншыл, тумысынан дархан даласының қасиеттерін жүрегіне ұялатқан, ақиқат сөзді ту ғып ұстаған қазақтың дара қызының поэтикалық құбылысын қысқа сұхбат барысында аңғара білдік. Сүйсініп, тамсана тамашаладық...

Ақын апаның «Қазақтың өсіп келе жатқан қыздарының барлығы ұлтының намысын қорғайтын, тарихын терең білетін, ұлттың анасы болатын дәрежеде, асқан ақылды болса екен» деген арманы орындалсын демекпіз.

Кездесу соңында «Талғампаз бойжеткен» музыкалық-эстетикалық би студиясының балғын бишілері ақын Ақұштап Бақтыгереевадан естелікке қолтаңба алып, суретке түсті.

Алмагул ҚУСПАНОВА,
«Оқушылар сарайы» МКҚК директорының
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Кеш басында Оқушылар сарайының директоры Сандуғаш Алманбетова ақын апайымызға қош келдіңіз айтып, ұйымның тәрбиеленушілері туралы қысқаша мәлімет бере отырып, аталмыш студияның құрылуына мұрындық болған биші С.Сейтованың еңбегі бар екендігін атап өтті.

Кеш қонағы Ақұштап Бақтыгереева сөз кезегін алып:

Жұлдызы жарқыраған

2018 жылдың 28-29 наурыз аралығында Алматы қаласында X Республикалық студенттік пәндік олимпиада оздырылған болатын.

Біздің факультетімізден «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша «Жайық жұлдыздары» тобы құрылып, өз білім-біліктерімізді сынға салып келген болатынбыз. Топ құрамында Сериккалиев Елдос (3-курс), Мақсоткалиев Қадырбек (3-курс), Муратова Арайлым (2-курс), Неғметова Айдана (2-курс) болды. Бізге артылған университетіміздің үміті мен сенімін ақтай отырып, топтық есеп бойыша жүлделі 3-орынды иеленіп, топ мүшелерінің әрқайсына сертификаттар табысталды. Олимпиада кезінде 3 кезеңнен сынға түстік. Бірінші кезең: «Әлеуметтік педагогика» пәні бойынша тестілеу; Екінші кезең: Рухани жаңғыру мақаласы бойынша өзін-өзі тану пәнінен сабақ беру (10 мин фрагмент көрсету); Үшінші кезең: «Әлеуметтік педагогтың бір күндік жұмысы» тақырыбында 7 минуттық кейнеролик көрсету.

Олимпиаданың өткізілу бағдарламасы мен кезеңдерге қойылатын критерийлер

«Жайық жұлдыздары»



бойынша тиісті тапсырмаларды орындап, әлеуметтік педагогтың атқаратын жұмыстарын қарастыра келе, мектеп

мекемесінде жиі орын алып тұратын 4 жағдайды ұсына отырып, одан шығатын жолды әлеуметтік педагогтың көмегі арқылы

мәселенің шешу жолдарын көрсетіп, Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жалпы ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді дарытатын мысалдармен, тарихпен байланыстырып, «Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбында өзін-өзі тану пәнінен сабақ жоспарын құрдық.

Жоғарғы деңгейде өткізілген олимпиада студенттерге тәжірибе алмасуға, өздерін шыңдауға, жаңа идеялардың туындауына мол мүмкіндік сыйлады. 9 оқу орнының ішінен сурылып алға шықты. Бастысы - сенім мен үміттің ақталғандығы.

БҚМУ-бұл уақытпен сыналған сапа, болашаққа бастар табыс кілті. Әрдайым сапалы біліммен сусындатып, барша дарынды студенттерді бір арнаға тоғыстырған білім ордасы. Осындай, біздің бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуымызға, өзімізді шыңдауымызға сенім артқан университетімізге, дайындық барасында көмек көрсеткен оқу, кеңсе мекемелеріне, барша студенттерге, Бибігүл Сауровнаға және жетекшілеріміз Жанар Сансызбаевна мен Жанар Кеңесовнаға алғыс білдіреміз.

А.НЕҒМЕТОВА, А.МУРАТОВА,
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс студенттері

Выступили удачно

Успешно выступила команда студентов педагогического факультета Западно-Казахстанского государственного университета имени М.Утемисова на Республиканской предметной олимпиаде в городе Петропавловске, проведенном на базе Северо-Казахстанского университета имени М.Козыбаева.

Студенты, обучаемые по специальности 5В010400 «Начальная военная подготовка», пройдя все этапы соревнований, заняли высокое первое место. За команду выступали Виктор Шамин, Иван Зайцев, Максим Кругляк. Подготовил ребят к олимпиаде старший преподаватель кафедры теории и методики физического воспитания Армат Маратович Молдагалиев. Эта победа дает право провести Республиканскую олимпиаду по начальной военной подготовке в следующем году на базе ЗКГУ имени М. Утемисова.



Не подвели факультет

В Алматы на сцене Казахской государственной консерватории на 10-й Республиканской олимпиаде студентов высших учебных заведений страны отличились студенты факультета культуры и искусства нашего университета.

В номинации «Концертно-камерное пение» студентка четвертого курса специальности «Вокальное искусство» Мендыгуль Калиуллова удостоена диплома 2-й степени, готовила студентку к конкурсу заслуженная артистка Республики Казахстан Ж. Рахимова. Ее однокурсница Адеми Толеугалиева удостоена диплома третьей степени (руководитель - преподаватель факультета О. Варфоломеева). Также третье место у студентки этого же отделения Анары Габдысамат, ее готовила к конкурсу Н. Санбаева. Дипломантами олимпиады среди вокалистов также стали Альбина Рамазан (руководитель Ж.Рахимова), Гульдана Габдуллина (руководитель - заслуженный артист Республики Казахстан К.Кожак), Айжамал Жайғали (руководитель - преподаватель факультета О.Варфоломеева).

Биік - білім бәйгесінде сыналар



Әр дәуірдің өзіндік өзгешелігі мен әр ғасырдың бір ғаламаты болады. 21 ғасыр - ақпарат кеңістігінде еркін самғап, әлеуметтік желіде әлемге танылатын білімнің белесін бағындырып, ғылым бәйгесіне оза шабар кіл мықты мен өңкей талабы таудан биік ғалымдар ғасыры. Ағымы мықты заманның көшінен қалмау үшін арыны мықты білім беру жүйесі мен теңдессіз технологиялар легін қабылдай алатын және саясат сахнасында сынбай, эканомиканың майданында құламайтын саналы ұрпақ керек екені бесенеден белгілі. Осы тұрғыдан алғанда жаһандандудың құйынымен ұшып кетпес үшін ұлтқа күре тамыр бола алатын тілі мен тарихын зерделеп 21 ғасыр технологияларымен үйлестіру мемлекет үшін аса маңызды мәселе. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілі, әдебиеті 5В011700 мамандығы бойынша жоғары оқу орнында оқитын студенттер арасында жыл сайын өткізілетін дәстүрлі X пәндік олимпиада бұл жылы Алатаудың етегі Алматы қаласындағы тоқсан жылдық тарихы бар Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өтті.

Осынау іс-шараға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің атынан Ақболатов А.А мен Тұрғаналиева Г.Г жетекшілік еткен «Рух» топ мүшелері Арман Ғабдықұл таныстырылым, теориялық сала бойынша жоғары нәтиже көрсетсе, Дина Әбдірәсіл ессе жазу бағытында білімдерін дәлелдеп, 2-курс болса да жоғары курс студенттерімен тең дәрежеде көрінді. Ал топ басшысы Гүлдан Жұмабекқызы сабақ үлгісін көрсетуде шеберлігін әрі іздемпаздығын шынайы дәлелдеді. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Фаузия Шамсықызы Оразбаеваның ілтипат сөзін, бағасын естеді.

Ағысқа қарсы жүзгенге қарағанда ағыспен жүзу қиын, егер ағыстың бағыты сен мақсат еткен мекенге алып бармайтын болса. Бүгінгі заман көрінісі – осындай. Осы заман ағымынан қалмай гуманистіктің қазақи моделін қалыптастырудың басты тетігі - қазақ тілінде деп есептейтін Гүлданаға, ғұмырлы ел болу үшін тұғырлы бірлік керек екенін үнемі атап айтатын Арман және жүрегінің әр дүрсілі ел үшін соғатын ұрпақ тербиелеу - бүгінгі мұғалімнің мемлекет алдындағы басты парызы екенін терең түсінетін Динаға алар асуларын бұдан да биік, шығар шыңдарың таусылмасын деген тілек айтамыз.

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

ТІЛШІЛЕР:

Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Алтынгүл ДӘУЛЕТБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА, Ақкенже БЕРКЕНОВА

Корректор: Ақзия Әділқызы НИЯЗҒАЛИЕВА

БЕТ ҚУРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46